

2013 жылғы 2 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 125-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 наурызда № 8394 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2013 жылғы 26 маусымдағы № 274-Ө-М бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 26.06.2013 № 274-Ө-М (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының күнкөрісі төмен азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету өлшемдерін белгілеу
м а қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2013 жылғы 2 тоқсанға арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2013 жылдың 1 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 488-Ө-М бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 8213 тіркелген және 2013 жылғы 26 қаңтардағы «Казахстанская правда» № 30-31, 2013 жылғы 26 қаңтардағы «Егемен Қазақстан» № 54 газеттерінде жарияланған) күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

3. Әлеуметтік көмек департаменті (Н.А. Крюкова) осы бұйрықтың:
1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;
2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Т.Б. Дүйсеноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2013 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

С. Әбденов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК